

**Көкшетау қаласы, Абай атындағы (қазақ тілінде оқытылатын) дарынды
балаларға арналған № 3 облыстық мамандандырылған
мектеп-интернаты**

БЕЙІНДІ ОҚЫТУДЫ ІСКЕ АСЫРУ

Мектеп-интернатында 2021-2022 оқу жылы бейіндік оқыту «Дарын мектептері» желісі бойынша жаратылыстану-математикалық және «Абай мектептері» желісі бойынша қоғамдық-гуманитарлық бағыттарында жүзеге асырылды. Оқу жоспарының вариативтік жүктемесі жеке тұлғаның өз талабына сай білім алу сұранысымен және қабілетіне орай қосымша оқу курстарын енгізумен бейімдік пәндерді кеңейте оқытуға бағытталған. Сондықтан оқушылардың танымдық қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында кәсіби-бағдарланған тәсілді жүзеге асыру аясында бейіндік пәндерді тереңдетіп оқыту енгізіледі. Оқытудың формалары мен әдістері білім беру нәтижелеріне қол жеткізудің сәттілігін, алынған білімдерді оқу және практикалық қызметте қолдану қабілетін қамтамасыз ететін логикалық, сыни және құрылымдық ойлауды қалыптастыруға бағытталған. Элективті, таңдау курстарының оқу бағдарламалары тамыз айында Ақмола облысы білім басқармасының «Ақмола дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау жөніндегі орталығымен келісілді.

Элективті және таңдау пәндері бойынша курстар жеке оқушылардың адам іс-әрекеті саласындағы танымдық қызығушылықтарын олардың таңдаған бейінінің шеңберінен шығатындай қанағаттандыруға және бейіндік деңгейде пәндер бойынша қосымша дайындық алуға мүмкіндік беретіндігіне бағытталды.

«Дарын мектептері» желісі бойынша жаратылыстану-математикалық бағыттағы сыныптарда вариативтік оқу жүктемесі есебінен келесі пәндерден курс сабақтары жүргізілді:

7 «Б» сыныбында биология (1 сағ), ағылшын тілі (2 сағ), орыс тілі мен әдебиеті (1 сағ) пәндерінен элективті курстар, жеке және топтық жұмыс бойынша «Абайтану» (1 сағ) және таңдау курс «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау» (1 сағ).

8 «Б» сыныбында ағылшын тілі (2 сағ), биология (1 сағ), орыс тілі мен әдебиеті (2 сағ) жеке және топтық жұмыс бойынша курстар, «Абайтану» 1 (сағ) элективті курс, «Медиасауаттылық» (1 сағ) таңдау курсы.

9 «Б» және 9 «В» сыныптарында «Биология ағылшын тілінде» (2 сағ.), ағылшын тілі (2 сағ.), математикадан «Логикалық есептер» (1 сағ.) жеке және топтық жұмыс бойынша курстар, «Абайтану» (1 сағ), «Химия есептер әлемінде» (1 сағ) элективті курстар және «Зайырлылық және дінтану негіздері» таңдау курсы.

10 «Б» және 10 «В» сыныптарында «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» (1 сағ.) таңдау курсы, математикадан «Тригонометрия әлемі» (2 сағ.) физикадан «Физикалық практикум» (1 сағ.), химиядан «Химия есептері» (1 сағ.),

«Журналистика негіздері» (1 сағ.), «Биология ағылшын тілінде» (2 сағ.)
элективті курстар

11 «А» және 11 «Б» сыныптарында «Кәсіпкерлік бизнес негіздері» (1 сағ.) таңдау курсы, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен «Эссе жазудың теориясы мен тәжірибесі» (2 сағ.) , математикадан «Математикалық сауаттылық» (2 сағ.) , тарихтан «Тарихи фактілер мен деректер» (2 сағ.), физикадан «Физикалық практикум» (1 сағ.), химиядан «Химия есептері» (1 сағ.) , географиядан «Әлемдік география» (1 сағ.) элективті курстар.

«Абай мектептері» желісі бойынша қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныптарға вариативтік оқу жүктемесі есебінен келесі пәндерден курс сабақтары өткізілді:

7 «А» сыныбында алгебра (2 сағ), биология (1 сағ), физика (1 сағ), химия (1 сағ), «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау» (1 сағ) таңдау курстары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен «Шешендік сөз өнері» 1(сағ), тілдік дағдыларын жетілдіру мақсатында орыс және ағылшын тілдерінен (1 сағ) элективті курстар.

8 «А» сыныбында алгебра (1 сағ), биология (1 сағ), физика (1 сағ), химия (1 сағ), «Медиасауаттылық» таңдау курстары, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен «Шешендік сөз өнері» 1 (сағ).

9 «А» сыныбында алгебра (1 сағ), биология (1 сағ), физика (1 сағ), химия (1 сағ), «Зайырлылық және дінтану негіздері» (1 сағ) таңдау курстары, «Шешендік сөз өнері» 1(сағ), «Орфографиялық және пунктуациялық сауаттылық» (2 сағ) элективті курстар.

10 «А» сыныбында «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» 1(сағ), математикадан «Алгебра және анализ бастамалары» (2 сағ), физика (2 сағ) таңдау курстары, «Журналистика негіздері» - 2 (сағ), орыс тілі мен әдебиетінен «Әлем әдебиеті» 1(сағ), ағылшын тіліне 2(сағ) элективті курстар

Ұлы Абай шығармашылық мұрасын оқушы бойына сіңіру мақсатында «Абайтану» пән және элективті курс ретінде өткізілді.

Оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту мақсатында сабақтан тыс жұмыстар үшін 7- 10 әр сыныбына 0,25 ставка (4 сағат) бөлінді. Соның негізінде «Жас тілші», «Театр және көркем сөз», «Домбыра сазы», «Би», «Робототехникасы», «Ұлттық қолөнер», «Қылқалам», «Медиа алаң», «Көшбасшылық мектебі», «Өлкетану» үйірмелері жұмыс жасады.

Ерекше дарындылық көрсеткен балалармен жеке жұмыс жүйесін ұйымдастыру мақсатында «Жеке тұлғаны бағыттау компоненті» бөлігінен Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің жоғары білікті мамандарды шарттық негізінде жұмысқа қабылданып, химия, биология, математика, қазақ тілі мен әдебиеті, тарих бейіндік пәндерінен 8-11 сыныптарға сабақтар өткізді. Бұл жұмысқа барлығы 42 сағат апталық жүктеме немесе 1428 жылдық жүктеме қарастырылды.

Мектеп директоры

Д.Искакова

